

3

Талай отбасына теңдессіз бақыт сыйлаған



6

Құдалық



Сыр бойы

24 тамыз, сенбі 2024 жыл


www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

№130-131 (20804-20805)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



КӨПЖАҚТЫ БАЙЛАНЫСТАР ОДАН ӘРІ НЫҒАЯДЫ

Душанбеге мемлекеттік сапармен барған Қасым-Жомарт Тоқаевты «Қасри Миллат» сарайында Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон қарсы алды.

Ресми шара кезінде Мемлекет басшысының құрметіне зенбіректен 21 рет оқ атылды. Мұнан соң Құрмет карауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Тәжікстанның мемлекеттік әнұрандары шырқалып, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды.

Бұдан кейін мемлекеттер басшылары Ақ залға өтіп, шағын құрамда келіссөз жүргізді. Келіссөз барысында сауда-экономикалық, көлік-транзит, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ цифрландыру, ауыл шаруашылығы мен су ресурстары

салаларындағы ықпалдастық мәселелері талқыланды. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Тәжікстан экономикасын дамытуға тың серпін беретін инвестициялық жобаларды іске асырудың перспективалары қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмонға Электрондық Үкімет саласындағы ынтымақтастық туралы есеп берілді. Президенттерге биыл екі елдің мамандары Интернет-ресурстардың бірыңғай платформасы мен SmartBridge жүйелерінің негізгі компоненттерін Тәжікстан серверлерінде сәтті орналастырғаны жөнінде баяндалды.

2-бет

/// САПАР

«ТӨРЕТАМ» мен «АҚАЙҒА» ГАЗ БЕРІЛДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қармақшы ауданына жұмыс сапарымен барып, «Төретам» кенті мен «Ақай» ауылына газ қосу рәсіміне қатысты. Салтанатты шарада ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбаев және еңбек ардагерлері болды.

Аймақ басшысы «көгілдір отын» игілігіне кенелген тұрғындарды құттықтап, елді мекендерді дамыту жоспарына тоқталды.

– Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда ауқымды жобалар жүзеге асуда. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде 733 млрд теңгеге жетті, яғни 101,4 пайыз өсім бар. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалуда.

Аймақта 43 млрд 300 млн теңгеге 300 шақырымнан астам автомобиль жолы жөндеуден өтеді. Осылайша жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 92 пайыздан аспак. Электр энергиясымен қамтуда 11 млрд теңгенің 38 жобасы қолға алынған. Бұл тозығы жеткен электр желілерін 66 пайыздан 62 пайызға азайтады.

Биыл 11 елді мекенді газдандыру бойынша 30 млрд теңгенің 20 жобасы жүзеге асырылуда. Нәтижесінде газбен қамту көрсеткіші 78 пайызға жетеді. Облыс халқының 98,4 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Осы уақытта 5 млрд 300 млн теңгенің 13 жобасы қарқын алды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Ауыл тұрғындарын Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Ибрагим Әбібуллаев құттықтап, ардагер Махамбет Рысмағамбетов батасын берді. Іс-шарада ауданның дамуына үлес қосқан азаматтар мен ардагерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сол жерде аймақ басшысы тұрғындармен кездесіп, көтерген мәселелерін тыңдап, ұсыныс-пікірлер бойынша сала басшыларына тапсырма берді.

Рәсімнен кейін облыс әкімі газ қосылған үй иелеріне ізгі тілегін білдірді.

Өткен жылы Қармақшы ауданының бюджеті 12 млрд 800 млн теңге болса, бүгінде 16 млрд 800 млн теңгеге жетті. Бұл қаржы аудан тұрғындарының түйткілді мәселелерін шешуге бағытталды. Осы күндері 2022 жылы басталған «Төретам» кенті мен «Ақай» ауылын газдандыру толық аяқталды.

2-бет



/// САРАП

ҚАРА ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

“Еліміздің Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне қарасақ, өткен жылы 2,5 мыңнан астам адам жол үстінде ажал құшқан. Тағы 20 мыңға жуық адам әртүрлі дене жарақатын алған. Бұл цифр жыл сайын өсіп барады. Апаттардың басым бөлігі қалааралық және республикалық трассаларда жылдамдық асырғаннан, қарсы бетке шыққаннан болып жатыр.

5-бет

/// ЕГІН-2024

КҮРІШТІҢ ТӨРТТЕН БІРІ СЫРДАРИЯЛЫҚТАР ҮЛЕСІНДЕ

Егінші қауымның шешуші науқаны басталды. Сырдария ауданында «Ақжарма-2» шаруа қожалығында егінге орақ түсті. Дәстүрге сай өткізілетін рәсімге аудан әкімі Берік Сәрменбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов және еңбек ардагерлері қатысып, игі тілектерін білдірді.

Аудан әкімі атап өткендей, кейінгі жылдардағы су тапшылығы дикандарға оңай тиген жоқ. Әйтсе де Президенттің пәрменімен, Үкімет басшысы және облыс әкімінің қолдауымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөз жүргізіліп, егіншінің еңбегі еш кетпеу үшін үлкен қолдау жасалды. Нәтижесінде биыл егінге лайықты су келді.

– Аграрлы ауданымыз егін саласы бойынша жоғары белестен көрінуде. Биыл 32273 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылса, оның ішінде күріштің көлемі 21872

гектарды құрады. Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде су үнемдеу және суды тиімді пайдалану мақсатында аудан бойынша 13 шаруашылық 31 дана заманауи лазерлік жер тегістегіш техникасымен 3340 гектар жерге тегістеу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ жанбырлатып суару әдісімен 40 гектар жерге құнбағыс, 10 гектар жерге жүгері, 50 гектарға бақша дақылдары егілді, – деді аудан басшысы.

Шаруашылық төрағасы Марат Бисенов салаға көрсетіліп жатқан қолдауға ризашылығын білдіріп, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі



аясында атқарылып жатқан демеушілік жұмыстарға тоқталды.

Бұл шаруашылықта биыл 1000 гектарға күріш, 68 гектарға бидай егіліп, 245 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Егіндік басында еңбек ардагерлері ақ батасын беріп, егінге алғашқы орақ түсті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі келтіргендей, осы жылдың 7 айында ауданда ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 38,2 млрд теңгені құрап, 2,8 пайызға артқан. Аймақ басшысының тапсырмасымен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында биыл қосымша 420 гектар жер ашылып, 774 адам әлеуметтік маңызы бар қарт, көкөніс, бақша өнімдерін егіп, нәтижесін көруде. Биыл егін жинау науқанына ауданда 990 техника қатысады.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы \$ 479,08 kzt

€ 533,50 kzt

₸ 5,26 kzt

Ауа райы

☀️ +25° +27°

☀️ +26° +28°

